

FTAXP 16.21.61

А.С. Нурушова¹

¹Сулейман Демирел университеті
Алматы қ., Қазақстан

АУЫЗША СӨЗДЕГІ КІДІРІСТЕРДІ УӘЖДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ СӨЗ САПТАУЫН ЖЕТІЛДІРУТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада ауызша сөздегі уәжді және уәжсіз кідірістердің коммуникативтік қызметі және ерекшеліктері талданды. Соңғы кезде жалпы тіл білімінде кідіріс интонация саласымен байланыстырылып, тар ауқымда зерттеліп жүргендігі белгілі. Жаңа бағыт тұрғысынан жүргізілген бұл зерттеудің мақсаты, радиодағы диктор сөзінің, яғни монологтық сипатта көрініс тапқан кідірістің өзіндік ерекшеліктерін талдау арқылы, білім алушының сөз саптауын жетілдіру. Қазіргі таңда жаңа технологияның даму қарқынына байланысты, бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдері артып келеді. Алайда техникалық құрал жетіле түскенімен, бұқаралық ақпарат құралдарының тілі ақсап: радио, телеэфирден естілер сөз мәдениеті төмендеуде. Тіл мәселесіне келгенде жұртшылықпен тығыз байланыс орнатып жүрген тілші-мамандардың білуге міндетті жайттары аз емес. Сондықтан, жоғары оқу орнында білім алушы студенттерге қазақ ауызша тілін оқытып, ауызша сөйлеу тілінің заңдылықтарын, ауызша сөз мәдениетін, сөйлеу техникасын үйрету өзекті тақырып болып саналады.

Түйін сөздер: коммуникация, кідіріс, ауызша тіл, уәжді және уәжсіз кідірістер.

Аннотация. В статье анализируются коммуникативные функции и особенности мотивированной и немотивированной паузы в устной речи. До сегодняшнего времени паузы рассматривались в сфере интонология, как основным компонентом интонаций. Специальное изучение паузы до определенного времени не интересовало лингвистов. Тема, которую мы рассматриваем является новой и требует детального исследования. Цель данного исследования, анализировать отличительные особенности паузы в монологическом речи диктора, улучшить качества коммуникации учащихся. На сегодняшний день, с развитием новых технологий, язык средства массовой информации (далее СМИ) требует тщательного изучения. Так как, язык СМИ играет большую роль в развитии самого языка, студенты высших учебных заведений, будущие лингвисты и журналисты должны обучаться правильному применению паузы, освоить технику и методы а также, способствовать развитию культуры устной речи.

Ключевые слова: коммуникация, пауза, устная речь, мотивированные и немотивированные паузы.

Abstract: The study is conducted to analyze the communication functions and motivative and non-motivative features of the pause in a verbal speech. Recently, most of the articles were overviewing the pause by linking it to the intonation field of the study. The study is conducted to analyze the communication functions and motivative and non-motivative features of the pause in a verbal speech. Recently, most of the articles were overviewing the pause by linking it to the intonation field of the study. Although the mass media development highly correlates with the development of a new technology. Relying that mass media plays crucial role in a language improvement students as well as linguists should investigate the proper application of the pause, learn methods and techniques, and ability to further improve a verbal speech culture. Therefore, the main object of the study is to investigate the distinctive features of the pause from a spontaneous speech perspective, although, to facilitate an improvement on the the verbal communication skills.

Keywords: communication, motivative and non-motivative features of the pause in a verbal speech.

XXI ғасыр тоғысында әлемдік лингвистика тілдің сан қырлы құбылыстарын антропоцентристік бағытта қарастыра отырып зерттеу жан-жақты дамып келеді. Қазіргі қазақ тіл білімінде қарқынды зерттеліп келе жатқан интонология бірліктерін прагматингвистикалық аспектіде қарастыру өзекті болып отыр.

Бұрын тіліміздегі ең кіші сегментті бөлшек ретінде – фонеманы танысақ, уақыт өте келесөйлемдердің, мәтіндердің суперсегментті фонетика саласына көтерілгенін, жеке сала ретінде қалыптасқандығы байқалады.

Жалпы әр адамның өзіне тән дауыс сазы, қарқыны болатыны белгілі. Сонымен қатар бірнеше жылдар бойы өмір сүрген адамдардың да сөйлеуі, интонациясы өте ұқсас болып келеді. Әсіресе кішкентай балалардың сөйлеу мәнері ата-анасына ұқсайды. Сондықтан үлкен адамдар сияқты сөйлейді деген ұғым пайда болған. Осыған орай интонацияның компоненттері сөйлеушінің көңіл-күйі мен экспрессиясынан хабар беретіні белгілі.

Интонацияның негізгі компоненттері болып саналатын әуен (мелодика), пауза, қарқын (темп), интенсивтілік, тембр туралы алғашқы түсініктер ежелгі Грек және Рим ойшылдарының еңбектерінде берілген.

Сөйлемнің ритмикалық құрылымының ерекшеліктері мен артықшылықтары туралы пікірлерді Аристотельдің, Деметрияның, Цицеронның, Трасимахтың еңбектерінде кездестіруге болады. Ежелгі

трактаттарда «*колон*» және «*период*» деген ұғымдарға түсінік беріліп, олардың шешендер сөзінде, қалай, қай мөлшерде қолданылуы жөнінде де кепілдеме беріледі.

Қазіргі түсінікше: «*колон*» мөлшер жағынан «*периодпен*» салыстырғанда кішілеу, ықшамдау келеді де, *пауза* арқылы бөлінеді және оның мағына жағынан тиянақты болуы шарт емес. Ал «*период*» логикалық жағынан тиянақты болуымен қатар, ол құрмалас не жай сөйлемдерден тұратын бір-бірімен ыңғайласқан көп мүшелі, құрылымы келісті, күрделі құрылым [1].

Интонацияның маңызды да белгілі компонентінің біреуі – пауза. Сөйлеу сөзінің ағысында болатын кідірісті *пауза* дейді. Сөйлеу кезінде кідіріс арқылы сөздің нақты мағынасын түсіне аламыз. Яғни акустикалық жағынан дыбысталудың тоқталғанын, физиологиялық жағынан артикуляцияның тыйылғанын білдіретін, сөз ағысында болатын үзік – *кідіріс* деп аталады.

Паузаның лингвистикалық функциясы дегеніміз, оның бір бүтін тексті фразаларға, синтагма, ритмикалық топ, сөздерге бөлуі ғана болып қоймай, сонымен бірге интонацияның басқа компоненттерімен қосылып сөйлемдердің түрлі мазмұндық, эмоциялық т.б. қарым-қатынастарын анықтауға қатысуы деп айтуға болады. Паузаның мөлшері сөйлеу тілінің қарқынымен тығыз байланысты. Әдетте оның мөлшері сөйлеу қарқынымен тура пропорциялы болады. Фраза мен синтагманың паузалары сөздердің арасындағы паузалардан көлемдірек деп есептеледі. Паузаның қай тілде болса да сөйлем мүшелерін анықтауда да, сөздердің функцияларын анықтауда да мәні зор [2].

Қазақ тіл ғылымында кідіріс - интонология саласында қарастырылып, теориялық негіздері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алып, тілші-ғалымдар І.Кеңесбаев, З.Базарбаева, М.Балақаев, А.Фазылжанова, С.Аманжолов, Р.Сыздықова, Н.Уәлиев, К.Аханов, Т.Қордабаев, Ә.Нұрмаханова, Г.Сәрсекеева зерттеулерінде әр қырынан сипатталған.

Қазақ тіл білімінің интонация проблемасын арнайы сөз еткен ғалым Ә. Нұрмаханова, интонацияның негізгі компоненттері тілдердің бәрінде қолданылатын әмбебап просодикалық тәсіл болып табылады. Сонымен қатар интонацияның қызметін табу үшін жазбаша түсіріп, фонетикалық тұрғыдан талдау жасап, оның артикуляциялық көрінісін сөйлесу, немесе қарым-қатынас кезінде анықтау қажет деп көрсеткен. Сондай-ақ, Аманбаева өз еңбегінде кідіріс туралы: пауза – кідіріс, яғни сөйлем мағынасын жүйеге келтіреді. Сөйлеу кезінде кідіріс арқылы сөздің нақты мағынасын түсіне аламыз. Яғни акустикалық жағынан дыбысталудың тоқталғанын, физиологиялық жағынан артикуляцияның тыйылғанын білдіретін, сөз ағысында болатын үзік – *кідіріс* деп аталады, - дейді [3].

Г.Сәрсекеева: «Кідірістің сөйлеу тілі үшін маңызы зор, өйткені кідіріссіз айтылған сөйлем түсініксіз болған болар еді. Кідіріс сөйлемнің айтылу қарқынына байланысты туындайды. Демек, сөйлем жай тонмен айтылса, іркіліс, үзіліс уақыты көбірек болады, бұл жағдайда кідірістің лингвистикалық рөлі арта түседі, ал тез және эмоциямен айтылған сөйлемдерде іркіліс ұзаққа созылмайды. Өйткені ол сөйлем көңіл-күймен тығыз байланысты болады», - деп көрсетеді [4]. Сол себептен де тиісті кідіріс, үзіліс жасау пікірдің түсініктілігі мен әсерлігін, көркемділігін арттырады.

Байқағанымыздай, кідіріс туралы анықтама бірқатар интонология саласына байланысты жазылған еңбектерде кездеседі. Сондай-ақ, тілші-ғалымдар өз зерттеулерінде сахна өнерпаздарының, теле-радио тілшілерінің, әртістердің, шешендердің сөздеріне, олардың сөйлеу мәнеріне тоқталғанын да аңғаруға болады. Яғни, соған қарап олар жазбаша текстерді мәнерлеп, интонацияны дұрыс, орынды етіп, сөздерді мағынасына сәйкестеп оқудың, дұрыс сөйлеудің, мәтіндерді дұрыс оқудың заңдылығын табу жөнінде ізденіп, ауызша және жазба тілінің өзіне тән заңдылықтары болуы керек деген жорамалға келеді.

Өйткені кейбір көркем сөздің шеберлері тексті өзінше оқып, оның сөздеріне басқаша мағына беріп, тыныс белгілерін орнынан жылжытып, паузаларды басқа жерде жасап, немесе сұраулы сөйлемді де жай хабарлы сөйлем етіп, хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлем интонациясымен оқуы мүмкін.

Тіл – шынайы өмірде екі түрлі формада: ауызша және жазбаша түрде қолданылатын қатынас құралы. Тілдің бұл екі түрінің пайда болып, дамуына адам баласы әрекетінің түрлі мақсаттары себеп болды. Күнделікті әрекет үстіндегі көзбе-көз тілдесуді жүзеге асыратын ауызша тіл адамның о бастағы қатынас құралы болды. Кейіннен жинақталған өмірлік тәжірибесі мен білімдерін ұрпақтан ұрпаққа сақталып жетуін, сондай-ақ алыстағы қоғам иелерімен тілдесуді көздеген адам баласы жазба тілді қажет етті. Сөйтіп ауызша тілден кейін пайда болған жазбаша тіл ең алдымен тарихи қызмет атқарды, бірте-бірте оның қызмет аясына адамдар мен мемлекеттер арасындағы ресми қатынасты қамтамасыз ету де кірді.

Кідіріс ауызша сөйлеу кезінде көрініс тауып, қарым-қатынас жасауда жоғары маңызға ие. Жалпы тіл 2 түрлі формада ауызша және жазбаша түрде өмір сүретіндігі баршамызға белгілі. Алайда мақсатына қарай ауызша тіл мен жазбаша тілдің өзіндік ерекшеліктері бар. Жазбаша түрде кітаптар мен газет-журналдар арқылы жүзеге асса, ауызша түрін пайдаланатын орындар – театр, радио, телевидение, кино, жиналыстар, лекция оқылатын тұстар, ауызша үгіт-насихат жүргізетін сәттер, мектептер мен жоғары оқу орындарында ауызша түсіндірілетін сабақтар т.т. [5].

Солардың ішінде театр, радио, телевидениенің және көркемөнердің сөз арқылы көрінетін түрлерінің орны айрықша. Өйткені бұлар ең кемі жүздеген, әйтпесе мыңдаған адамдарды қамтиды. Сахнадан айтылған сөзді бір спектакльдің өзінде жүздеген адам естиді, бір концертте айтылған ән мен көркем сөздің де тыңдаушыларының саны көбейіп келеді. Ал радио мен телевидениеден және қазақша дыбысталған кинодан сөйленген сөзді мыңдаған, жүз мыңдаған адам тыңдайды. Сондықтан аталған мамандық иелері өздерінің күнделікті еңбек құралы – ауызша сөзді жіті меңгергенде ғана кәсіби қызметін жақсы атқара алады. Ең алдымен ауызша тілдің құралдары тыңдарманға бағытталып құрылатындығын, яғни қарым-қатынастағы серігіне сөйлеушінің әсер етуі есту қабілеті арқылы жүзеге асатынын, қандай да бір коммуникативтік мақсатпен айтылған сөз тыңдарманға, дұрыс естілуі керектігін, мақсатқа байланысты тілдік лексика-грамматикалық құралдардың интонациялық жағынан дұрыс ұйымдасуын (әуен, қарқын, дауыс күші, әуез, пауза) білуі шарт. Жаңа бағыт тұрғысынан жүргізілген бұл зерттеудің мақсаты, радиодағы диктор сөзінің, яғни монологтық сипатта көрініс тапқан кідірістің өзіндік ерекшеліктерін талдау арқылы білім алушыға, кідірістің мағыналық маңызды сөз бөлшектерінің ара жігін ажырату қызметімен қатар, сөйлеушінің көңіл-күйін, тыңдарманға деген ниетін білдіру функциясыбар екендігін, кідірістің бірнеше түрі кездесетін және қолдану мәнін мысал арқылы көрсету болды.

Ғалымдардың зерттеу еңбегіне сүйенер болсақ, кідірістің түрлері төмендегідей болып келеді:

- 1) эмоциялық кідірістер;
- 2) гезитациялық кідірістер;
- 3) интонациялық-логикалық кідірістер;
- 4) психологиялық кідірістер;
- 5) интонациялық-синтаксистік кідірістер;
- 6) оқиғалық кідірістер;
- 7) физиологиялық кідірістер.

Алдымен кідірістің *уәжді* және *уәжсіз* себептеріне тоқталған жөн. Егер сөз ағымының бір тұсында ой аяқталмай жатып сөйлеуші кідіріс жасаған болса, оның *уәжді* және *уәжсіз* екі себебі болуы мүмкін. Уәжсіз себебі сөз иесінің дұрыс тыныстамауымен, демнің жетпей қалуымен, ойын соңына дейін қорыта алмауымен, ой желісінің үзіліп қалуымен, сыртқы әсердің салдарынан сөзін тоқтатуымен байланысты. Мысалы, «Қазақ радиосынан» берілетін «Сахна сыры» хабарындағы жүргізушінің сөзіне мән берсек: *Құрметті ағайын жалпы алғанда театр - |үлкен күрделі ұйым - дегенімізбен - |екі-үш ауыз сөзбен түйіндер болсақ - |театр негізі үш тағаннан тұратын - мосы немесе қазан іспеттес||. Ошақтың үш пұты деп - |түсіндіретін біздерге сол -үш тұғырдың - біреуінсіз ол театрдың - хәлі - мүшкіл||*. Бастапқы сөйлемді естігенде

кідірістің дұрыс қойылмағанын аңғаруға болады. Мысалы, алдыментыңдарман назарын аудару мақсатында, *Құрметті ағайын* - |сөзінен кейін кідіріс жасаған абзал. Кейін *сол* - сөзінен кейінгі кідірісті қоймай, сөйлемді үзбей жалғастырып, *біреуінсіз* – сөзінен кейін қойған жөн. Себебі, орынсыз кідіріс ой желісінің үзілуіне әкеліп тұр.

Сонымен, уәжсіз ауытқулар норманы білмеуден, яғни тілді дұрыс үйренбеуден болады немесе сол өзінің сөйлеп тұрған сөзінің тыңдарман үшін қолайлы болуын ойламаудан шығады десек болады. Сондай-ақ, ауызша сөздің стильдік тармақтарға қарай нормалары да болатынын ескеру қажет. Мысалы, сөйлеу стилінде, сөйлеу стилі, ол күнделікті қарым-қатынас стилінде сіз сөзіңіздің аяғын жұтып қойсаңыз, ол норма бұзушылық болып саналмайды. «*Болад*», «*барад*», «*дейд*» деп айтуға болады. Ал егер сіз теледидардан сөйлеп тұрған болсаңыз, ресми қатынастағы стильдерде, кітаби стильдерде, яғни публицистикалық стильде, көркем әдебиет стильдерінде, ауызша сөзде, ғылыми стильдің ауызша стилінде сөз аяғын, сөзіңізді жұтпауыңыз қажет. Егер сөйлеу стиліндегідей айтатын болсаңыз, орфоэпиялық нормадан ауытқудың уәжсіз түрі болып саналады. Мысалы, *Көрерменнің болғанына шүкір дейміз* |*бірақ көрерменнің де түр-түрі болад*||. *Бір биеден ала да* |*қола да туады демекші* |*халық деген қазынадан көрерменнің* |*әр қилысы біздерге келед*||.

Бұл жердегі *болад*, *туады*, *келед* дегендерді біз босаң нормаға жатқызамыз. Кей жағдайда, телеарна немесе радио журналистерінің арасында ақпарат жылдам жету үшін, тез қабылдау үшін «*болад*», «*келед*» деп айту керек деген ескертулер де болады. Ол кезде қолдануға болады, бірақ бүкіл жұрт дұрыс түсінуге тиісті маңызды мәселені теледидардан не радиодан оқу керек болса, тез сөйлеу стилін доғарып, сөзді толық айтуыңыз керек.

Ал енді кідірістің уәжді себебіне тоқталар болсақ, көңіл толғанысын жеткізу мақсатымен, тыңдарманның ойлануға шақыруы діттеуімен, ерекше сезімін білдірумен байланысты келеді. Мұндай паузаларды сөз иесі сөзінің кез келген бөлігіне қоя алады. Әдетте бұлар ерекше назар аударылған сөз бөлігінен кейін, не оның алдында болады. Мұндай кідірістерді *эмоциялық паузалар* дейміз. Мысалы, *Өмір маған* - |*шаттық сезім сияқты* - |*мәз боп күлгім келеді* -||. *Өмір маған* - |*кейде өзім сияқты* -||. *Өмір сүргім келеді деп* - |*қазақ поэзиясын байытқан* -| *лирик ақын* - |*Тұманбай Молдағалиев* - |*мейірімді болуым* - |*анамның арқасы деген екен* -||. *Әкеге қарап бой түзеп* - |*анасының мейіріміне қанып өскен Омар Жәлел* - |*тілімнің құнарлы болуы* - |*шешемнен дейді* - ||. *Туған елінің тілін үйретіп* - |*сазына қандыратын да* - |*ана!* -||. Яғни, тиісті кідіріс, үзіліс жасау пікірдің түсініктілігі мен әсерлігін, көркемділігін арттыратын болса, керісінше, орынсыз үзіліс жасалса, сөйлемнің құны төмендеп, қабылдауға кедергі жасайды.

Эмоциялық кідірістермен қатар, кейде кідірістердің орнына ешқандай тілдік мазмұны жоқ «ммм», «ыыы», «хым» сияқты дыбыстар айтылуы мүмкін. Бұлар сөз иесінің алдын ала дайындықсыз, жағдайға қарай бірден сөйлеп отырғанының белгілері. Мұндай кідірістер тіл ғылымында *хезитациялық паузалар* деп аталып, сөйлеушінің сөз соңын ойланғанша бос уақытты толтыру мақсатында айтылған дыбыстарынан тұрады, көбінесе бейресми, тұрмыстық қатынастағы көзбе-көз тілдесуде жиі кездеседі. Ал егер, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы эфирге шығып отырған диктор немесе журналистің сөйлеу техникасында көрініс тапса, ауызша сөзінің сапасын төмендетеді. Мысалы, *Ассалаумағалейкүм ~ (імммм) ассалаумағалейкүм ардақты ағайын! - |қайырлы кеш құрметті - радио тыңдарман||. Бүгін ~ (iii) сексен ~ (iii) сегізінші қаңтар - бір мың тоғыз жүз - |деп ~ (ыыы) көп адамдар қазір – жылдан, айдан айырылып - шатысып жатқан күн||*. Бос кідірістен құтылудың жолы сөйлеген кезде, алдымен сөйлемей жатып, яғни толқын шығармай тұрып, сөзіңіз не туралы болатынын ойластырып, құрылымын жасап алғаныңыз абзал. Ал оның ең бір нәтижелі жолы – дұрыс сөйлеуге дағдылану, шаршы топ алдында сөйлеу дағдысын жетілдіру үшін тәжірибе көп болуы керек. Ол үшін міндетті түрде шаршы топ жинаудың қажеті жоқ. Күнделікті ортаңыз да жетіп жатыр. Солардың әрқайсысының алдында тоқтамай сөйлеп үйренсеңіз, осындай хезитациялық паузалардан бірте-бірте құтылуға болады.

Кідірістің келесі бір түрі – *интонациялық-логикалық кідірістер*. Сөзіңіз түсінікті және айқын болуы үшін сөз мәтінін дауыстап оқып, бір екпінмен, бір деммен үндесіп, үйлесіп айтылатын ырғақты топ құрайтын сөздерді белгілеп алу қажет, сонда кідірістерді дұрыс жасауға болады. Мұндай ырғақты топ жағынан сөздердің бөлінуін интонациялық-логикалық кідірістер деп аталады. Мысалы, *Соңғы кездері /тың серпіліспен /жұмыс істей бастаған /«Қазақстан» /ұлттық телеарнасының ұжымына /көрермен қауымның /дән риза екені /белгілі сөйлемінде 8 ырғақты топ бар:*

- 1) соңғы кездері;
- 2) тың серпіліспен;
- 3) жұмыс істей бастаған;
- 4) «Қазақстан»;
- 5) ұлттық телеарнасының ұжымына;
- 6) көрермен қауымның;
- 7) дән риза екені;
- 8) белгілі.

Егер олардың ара жігін бұзсақ, сөйлем түсіну үшін қиындап кетеді: *Соңғы /кездері тың /серпіліспен жұмыс /істей бастаған*

/«Қазақстан» ұлттық /телеарнасының /ұжымына көрермен /қауымның дән /риза екені белгілі.

Психологиялық кідіріс. Бұған К.С. Станиславский былайша баға береді: «... в то время как логическая пауза механически формирует такты, целые фразы и тем помогает выяснить их смысл, психологическая пауза дает жизнь этой мысли, фразе и такту, стараясь передать их подтекст. Если без логической паузы речь безграмотно, то без психологической она безжизненна. Логическая пауза служит уму, психологическая чувству».

Психологиялық кідіріс сөйлеу заңдылықтарына бағынбайды, бірақ сөзге реңк, мән-мазмұн береді.

Интонациялық-синтаксистік кідірістер жазбаша тілдегі тыныс белгілермен сәйкес келеді, бір-бірінен ұзақтығы жағынан ғана айырылады, ең қысқа кідіріс – үтір қойылған жерде, ұзақ кідіріс – нүктеде. *Оқигалық кідірістер* – нақты болып жатқан оқиға барысында еріксіз туындайтын сөз арасындағы үзілістер, мәселен оқушылар диктант жазады, мұғалім мәтінді оқиды, сөйлемдерді оқып, арасында кідірістер жасайды немесе әскери шендегі адамдардың жауынгерлерге берген әскери нұсқаулары: «Сол...ға ! Ал...ға екі қа...дам шық !».

Физиологиялық кідірістер. Өкпеге ауа жетпегенде, жүйке қызметі бұзылғанда, адам деміккенде керек сөз ауызға түспейді, ойынды жеткізу қиынға соғады. Әрине, мұндай кідірістің өмірде болмағаны жақсы [6].

Көріп отырғанымыздай, кідіріс түрлерінің өзіндік қолдану уақыты мен атқаратын қызметі бар. Кідірістің сөйлеуде, қарым-қатынас жасауда маңызы өте зор. Әсіресе айтушы пікірінің нақтылығын, жігерлі әрі өткірлігін айқындауда алар орны ерекше. Кідіріс ойды тиянақтайды, пікірді дәл түсінуге көмектеседі әрі тыңдаушының сезіміне әсер етеді. Сондықтан сөйлеген кезде сөз арасындағы кідірістерге аса сақ болған жөн және өз орнымен пайдалануға үйрену керек. Дикторлар мен журналистер қолдарына берілген жазба мәтін мазмұнымен алдын ала танысып, оның астарын түсініп, сөйлемдердегі кідірістің қолдану орнын бірден анықтап алған жөн. Сондай-ақ мұнда тыңдарман үшін маңызды болып саналатын ақпарат ескерілу керек. Диктор сөз ағымында жаңа ақпаратты ерекшелеп отырса, тыңдарман үшін мәтіннің түсініктілігі артады. Басқаша айтсақ сөйлемдегі жаңа ақпарат пен бұрынан таныс ақпарат ауызша сөзде кідіріспен ажыратылып отырғаны жөн.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, пайымдаймыз, көруге, сезінуге тағы да басқа сезім мүшелерін тітіркендіру арқылы ақпарат беруге негізделген құралдар мүлде жоқ немесе қызметі көмескі болғанда, ауызша сөз сол құралдардың барлық қызметін өзіне жүктейді деп айта аламыз. Сол себепті белгілі бір әлеуметтік жүк арқалаған түрлі мақсаттағы радио, теледидар және тағы да басқа ақпарат жеткізуші көздерден естілетін ауызша сөзге құбылғыштық, әсерлілік, сан алуан

сарынға түрленгіштік қасиеттер тән болу керек. Сонда ғана радио, теледидар шешенінің сөзі айшықты, нақышына салынған, жұртшылыққа түсінікті бола алады. Бұл үшін осы саладағы кез келген маман ең алдымен ауызша сөйлеу техникасын меңгеріп, кідірістің түрлерімен танысып, ауызша сөйлеу мәдениетін сақтағаны жөн. Мысалы кісінің сөзін бөлер алдында «сөзіңіз аузыңызда», «бір ой қосайыншы», «мен бір нәрсе айтып жіберсем бола ма?» деген секілді стандарттарды пайдалана отырып, бастырмалап сөйлеуден аулақ болғаны жөн. Бұлай дейтініміз, теледидар және радио журналистері мен дикторларының тыңдарманмен қарым-қатынас жасауындағы бірден бір мақсаты – ақпарат жеткізу ғана емес, сондай-ақ жұртшылықтың эмоциясына, еркіне, санасына әсер ету. Сонымен бірге «диктор – тыңдарман» үлгісіндегі қарым-қатынаста диктордың өз тыңдарманы – бүкіл бір тілді қауым екенін есте ұстағаны жөн. Демек ол микрофон, бейнекамера алдында сөйлегенде тіл иелерінің қауымына бірдей түсінікті тілдік фактілер мен құбылыстарды құрал етіп алуды ойлап отырады. Онсыз ақпараттың көпшілікке түсінікті болуын қамтамасыз ету мүмкін емес. Сондықтан білім алушыға дыбысталған сөздің сапалы шығуына, яғни қағаз бетіне түсірілген, ойда жинақталып түйілген мәтіннің сыртқа дыбысталып шыққанда құлаққа жағымды әрі түсінуге жеңіл болуын үйрету қажет және тәжірибе арқылы дағдылану керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Потапова Р.К., Потапов, В.В. Речевая коммуникация: От звука к высказыванию. – М.: Языки славянских культур, 2012. – 464 с.
- 2 Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы: радио, тележурналистерге арналған көмекші құрал / Құраст. Н. Уәлиұлы, Ғ. Әнес, Қ. Күдерінова, А. Фазылжанова. – А.: Арыс баспасы, 2004. – 200 б.
- 3 Аманбаева А.Ж. Интонациялық бірліктердің прагматингвистикалық сипаты: эксперименттік – фонетикалық зерттеу. – А.: Шапағат-Нұры, 2012. – 176 б.
- 4 Сыздықова Р.Ғ. Сөз сазы: сөзді дұрыс айту нормалары. – А.: Ғылым, 1983. – 76 б.
- 5 Александрова О.А., Иваницкий В.В. Пауза колебания – комплексный феномен современной коммуникации // Вестник Новгородского Государственного Университета. – 2003. – №25. – С. 95.
- 6 Базарбаева З.М. Қазақ тілі: интонология, фонология. – А.: Жібек жолы, 2008. – 284 б.